

**Маңғыстау ауданы
Шетпе лицейінің
география пәні мұғалімі
Кенесариева Нурзия Жумагуловна**

**Сабақтың тақырыбы:
Топырақ және оның құрамы мен құрылымы**



Оқу мақсаттары

7.3.4.2

Топырақ құрамын анықтап, құрылымын графикалық түрде көрсету

Сабақтың мақсаты

- Топырақтың құрамы туралы біледі
- Топырақтың графикалық құрылымын жасай алады
- Топырақтың адам өміріндегі және шаруашылықтағы маңызына баға береді

Бағалау критерийлері

- Топырақ туралы түсінік қалыптастырады
- Топырақтың түзілу факторларын түсіндіреді
- Топырақ құрамын анықтай алады
- Топырақтың құрылымын графикалық түрде көрсетеді

Тілдік мақсаттар

Пәнге тән лексика мен терминологиялар:

Топырақ, топырақ түзуші факторлар, топырақтану, топырақ құрамы, топырақ құрылымы, қарашірінді (гумус), құнарлылық, жел және су эрозиясы, агротехникалық шаралар, мелиорация;

Диалог пен жазылым үшін қажетті тіркестер:

Топырақ – бұл жер қыртысының,қабаты.

Топырақ бойындағы суды деп атайды.

Топырақтың маңызды қасиетінің бірі -

Құндылықтарға баулу

Шығармашылық, сыни тұрғыдан ойлай білу. Топтық, жұптық жұмыстар жүргізу барысында оқушылар бір – біріне құрмет көрсету. Туған жердің топырағы қымбат- қорғау парыз.

Пәнаралық байланыс

Биология
Химия

Сабақтың басында

Ұйымдастыру кезеңі

«Түймедақ» тренинг

Топқа бөлу:

(топырақтың құрамына қарай)

1 топ. Топырақтың қатты бөлігі

2 топ. Топырақтың газ тәрізді бөлігі

3 топ. Топырақтың сулы бөлігі

«Ыстық орындық» әдісі

бойынша өткен тақырып бойынша сұрақтар қою арқылы жаңа тақырыппен байланысады.

Сабақтың ортасында

Қызығушылықты ояту «Миға шабуыл»

Мақалдағы тиісті сөз тіркесін табу:

Туған жердің _____ жұмсақ, ауасы шипа.

Таза алтын _____ да тазарады.

1-тапсырма.
“ЖИГСО” әдісі бойынша
мәтінмен жұмыс

Бағалау критерийі	№	Дескрипторлар	Келісемін/ келіспеймін
Топырақ туралы түсінік қалыптастырады.	1	Топырақ туралы анықтама береді	
	2	Топырақ қалыптастыру факторларын анықтайды	
	3	Топырақтың түзілуі туралы біледі	
	4	Топырақтану ғылымының дамуын саралайды	

2-тапсырма.
«Модельдеу» әдісі бойынша топырақтың
қалыптасу факторларын көрсетеді,
ұзақтығын анықтайды.

Бағалау критерийі	№	дескрипторлар	Оңай/қиын
Топырақтың түзілу факторларын түсіндіре алады	1	Топырақ түзетін факторларды дұрыс көрсетеді	
	2	Топырақ қабаттарының қалыптасу ұзақтығын анықтайды	


3-тапсырма. “Сәйкестендіру” әдісі бойынша топырақтың заттық құрамын талдайды, саралайды.

1.Топырақтың қатты бөлігі	А) Ол суы жоқ бөлшектердің арасындағы қуыстарды толтырып,топырақ «атмосферасын» тудырады.
2.Топырақтың газ тәрізді бөлігі	Ә) Ол қатты затпен және топырақ құрамындағы ауамен әрдайым қарым-қатынаста болады,сондықтан ол топырақтың аса маңызды айналмалы және белсенді бөлігі .
3.Топырақтың сулы бөлігі	Б) Бұл тау жыныстарының және шіріндінің бөлшектері. Бөлшектер ұсақ,ірі,өте ірі болады.

Бағалау критерийі	№	дескрипторлар	«+»/ «-»
Топырақтың заттық құрамын анықтай алады	1	Топырақтың қатты бөлшектерін дұрыс анықтағаны үшін	
	2	Топырақтың газды тәрізді бөлігін дұрыс тапқаны үшін	
	3	Топырақ бойындағы ылғалдың атқаратын қызметін сәйкестендіргені үшін	

4-тапсырма. Топырақтың құрылымын графикалық түрде көрсету (топтық жұмыс)

- 1-топ Құрылымды және құрылымсыз топырақ түрлері
 2- топ Топырақтағы тіршілік қабаты
 3-топ «Балық қаңқасы» әдісі топырақ эрозиясы себептері мен дәлелдерін келтіру және қорғау шараларын жазу



Бағалау критерийі	№	Дескрипторлар	Онай /қиын
Топырақ құрылымын анықтап, жіктеу	1	Құрылымды құрылымсыз топырақты дұрыс анықтағаны үшін	
	2	Топырақтағы тіршілік дүниесін дұрыс жіктегені үшін	
	3	Топырақ эрозиясы түрлері мен себептерін талдағаны үшін	


Сабақтың соңы

Кері байланыс:

“Бағдаршам” әдісі
арқылы оқушылар сабақтан алған әсерлерін
стикерге жазады

Үй тапсырмасы:

Туған жердің топырағын зерттеу.



Сары-сұрақтарым бар
Қызыл-түсінбедім
Жасыл- Түсіндім

Саралау – Сіз оқушыларға қандай тәсілмен көмектесесіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?

Қабілеті жоғары оқушыларға шығармашылық тұрғыдан тапсырмалар беруге болады

Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырасыз?

- ❖ Табыс критерийлері арқылы бағалау;
- ❖ Өзін –өзі бағалау;
- ❖ Өзара топтық бағалау;

Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау. Ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану

АКТ құралдарын қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін қадағалау, тақтамен оқушының арақашықтығын сақтау